

Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі екі жыл және одан да көп мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, айналысқа қосудың және өтеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 10 маусымдағы N 945. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.08. N 941 қаулысымен.

Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногын диверсификациялау мақсатында және республикалық бюджеттің тапшылығын инфляциялық емес жабу көздерінің үлесін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі екі жыл және одан да көп мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерін (бұдан әрі қазынашылық міндеттемелер) шығару, айналысқа қосу және өтеу ережесі бекітілсін. < * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық Банкімен бірлесіп (келісім бойынша), қаржы агенті ретінде республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген үкіметтік борыш лимитінің шегінде қазынашылық міндеттемелерді пайдалана отырып қарыз алуды жүзеге асыруды ұйымдастырсын. < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

3. Қазынашылық міндеттемелерді бастапқы орналастырудан алынған қаражат республикалық бюджетке түседі деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 10 маусымдағы
N 945 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі екі жыл және одан да көп мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, айналысқа қосудың және өтеудің ережесі<*>

ЕСКЕРТУ. Тақырыбы өзгерді - ҚРҮ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында айналыс мерзімі екі жыл және одан да көп мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерін (бұдан әрі - қазынашылық міндеттемелер) шығарудың, айналысқа қосудың және өтеудің тәртібін айқындайды. Айналыс мерзімі алты айға еселенген болуы тиіс.<
* >

"Мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттеме" деген атау орыс тілінде "государственное среднесрочное казначейское обязательство" (ГСКО) д е п а т а л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

2. Қазынашылық міндеттемелер мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады, оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарады және олар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Қазақстанның бағалы қағаздар рыногында еркін айналыста болады.

3. Қазынашылық міндеттемелері бейқұжат (материалдық емес) нысанда шығарылады, қаржы агентінің депозитариінде және бастапқы дилердің қайталама депозитарилерінде оларды ұстаушылардың депошоттары бойынша тиісті жазбалар жүргізу жолымен орналастырылады және айналыста болады.

II. Қазынашылық міндеттемелерді шығару

4. Әрбір шығарылымның Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін ұлттық бірегейлендіру нөмірі болады. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369 қ а у л ы с ы м е н .

5. Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді орналастыруды, айналысқа қосу мен өтеуді жүзеге асыратын қаржы агенті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болады, эмитент Қаржы министрлігі болады, Эмитент пен қаржы агентінің арасындағы өзара қарым-қатынастар осы Ережемен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен, қазынашылық міндеттемелерді орналастыру мен айналысқа шығаруға қызмет көрсету туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банкінің арасында жасалатын келісіммен және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен реттеледі.

6. Қазынашылық міндеттеменің нақты құны - 1000 теңге.

7. Қазынашылық міндеттемелер ең аз ставкадан бастап эмиссияның белгілеген көлеміне жеткенге дейін қатысушылардың өтінімін қанағаттандыру жолымен аукциондық негізде сатып алушылардың ұсыныстары бойынша айқындалатын сыйақының жылдық ставкасымен бірге нақты бағасы бойынша ұстаушыларының арасында орналастырылады. Берілген өтінімдерді

қанағаттандыру осы Ереженің 9-тармағына сәйкес белгіленген сыйақының бірыңғай ставкасы бойынша жүзеге асырылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

8. Қазақстан Республикасының резиденті және резиденті емес заңды және жеке тұлғалар қазынашылық міндеттемелердің ұстаушылары бола алады. Бұл ретте қазынашылық міндеттемелердің аукциондарына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қаржы министрлігімен бірлесіп белгілейтін бастапқы дилерлер ғана тікелей қатысады. Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногының басқа қатысушылары (инвесторлар) аукциондарға бастапқы дилерлер арқылы ғана қатысады.

9. Қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақының ставкасы қазынашылық міндеттемелерді алғашқы орналастыру жөніндегі аукционді өткізу барысында белгіленеді. Сыйақының ставкасы аукционға қатысқан қатысушылардың қанағаттандырылған өтінімінің ең жоғары ставкасына тең белгіленеді. < * >

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

10. Сыйақыны есептеу қазынашылық міндеттемелерді айналдыру мерзімі шектерінде айналысқа қосылған күннен бастап, осы Ереженің 9-тармағына сәйкес белгіленген тіркелген ставка бойынша жүргізіледі, бұл ретте тиісті кезеңге арналған сыйақы сомасын есептеу үшін қазынашылық міндеттемелер айналысының есептік кезеңіндегі күнтізбелік күндердің саны және жылдағы 365 күн қолданылады. < * >

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

11. Қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақы төлеу тиісті күнге қазынашылық міндеттемелер эмиссиясынан кейінгі әрбір алты ай сайын аталған эмиссияның қазынашылық міндеттемелерінің айналыс мерзімінің шегінде жүргізіледі. < * >

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

12. Қазынашылық міндеттемелердің әрбір эмиссиясының көлемі мен шарттарын тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген үкіметтік борыш лимитінің және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстардың лимитінің шегінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітеді. Қазынашылық міндеттемелерді бір аукционда жеке бастапқы дилердің немесе инвестордың сатып алуының ең үлкен көлемін мемлекеттік бағалы қағаздар рыногындағы ахуалға қарай әрбір аукцион үшін жеке-жеке Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді. Резидент еместердің аукциондарға қатысу үлесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайды.<*>

Өткізілген аукционның баға шарттары мен оның қатысушыларының өтінімін

канағаттандыру көлемі бойынша шешімді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жоғарыда аталған шарттарға сәйкес қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

13. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі кезекті аукцион өткізілетін күнге дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қазынашылық міндеттемелер аукционының өткізілетін мерзімі мен шарттарын хабарлайды, ол өз кезегінде жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей қазынашылық міндеттемелер аукционының өткізілетін уақыты мен шарттары туралы бастапқы дилерге хабарлап, онымен бір мезгілде бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялайды. Аукциондарды өткізудің тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

14. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру жөнінде аукциондарды осы Ереженің 12-тармағына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздар рыногындағы ахуалға қарай айқындалатын көлемдерге сүйене отырып Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтін кезеңділікпен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өткізеді.

III. Қазынашылық міндеттемелердің айналысы және өтелуі

15. Қазынашылық міндеттемелердің айналысы республикалық бюджетке ақша түскеннен соң депо-шоты бойынша жазбалар жасалған сәттен басталады.

16. Қазынашылық міндеттемелердің ұстаушылары оларды аманатқа беруге, РЕПО операцияларын жүргізуге, қайталама рынокта сатуға және сатып алуға құқылы. Бұл ретте инвестор сатып алу-сату, аманатқа беру және РЕПО операциялары жөніндегі барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы жүргізеді.

17. Қазынашылық міндеттемелерді есепке алу және оның қозғалысы мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді есепке алу құрылымына - МЕККАМ-ға сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздар рыногының әрбір қатысушысы бойынша тікелей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Депозитарийіндегі және бастапқы дилерлердің субдепозитарилеріндегі депо-шоттар бойынша жүзеге асырылады.

18. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылық міндеттемелердің тиісті шығарылымының айналыс мерзімі біткеннен кейін сыйақыны түпкілікті төлеудің нақты құны бойынша қазынашылық міндеттемелерін өтеуді жүргізеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

19. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді сыйақы есептеудің кезекті кезеңінде олардың іс жүзінде айналысты болған уақыты үшін сыйақы (мүдде) төлей

отырып, мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға құқылы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мерзімінен бұрын өтеу туралы шешімі мұндай өтеу күніне дейін 10 күнтізбелік күнде, өз кезегінде 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей ол туралы бастапқы дилерлерге хабарлайтын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жеткізіледі. Егер қазынашылық міндеттемелердің атаулы құнын мерзімінен бұрын өтеу күні немесе өтеу күні жұмыс істемейтін күнге келсе, онда, егер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өзгеше көздемесе, өтеу жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. Ереже жаңа 19-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.06. N 538 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .

20. Қазынашылық міндеттемелермен жасалатын операциялар бойынша салық салудың тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.<*>

ЕСКЕРТУ. 20-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен .